

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту
басқармасының Шардара адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Айлин» бөбекжай- балабақшасы мемлекеттік коммуналдық**

қазыналық кәсіпорыны

Директорлық кеңестің

Хаттамасы №1

01.10.2021жыл

Қатысқандар-бөбекжай

бақша педагогтары

Күн тәртібінде

- 1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы.Шолу
Тексеру қорытындысы
- 2.Жалпы және топтық ата-аналар жиналысына дайындық туралы
- 3.Елімізде болып жатқан жағдайға байланысты сақтық шараларын сақтау
- 4.Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру

Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Б.Сеилова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде 2021-2022-ші жаңа оқу жылымен барлық қызметкерлерді құттықтады.Жұмыстарына сәттілік тілей отырып,табандылықпен, ерекше жігерлене еңбек етуге шақырды. - Шолу тексеру қорытындысы бойынша 2021-жылдың 02-қыркүйек күні шолу бақылау жүргіздім. Тақырыбы: «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы қандай деңгейде?» - Бақылаудың мақсаты: Әрбір тәрбиеші топтарды стандартқа сай құрып,әсерлі етіп безендірулері қажет. Оқу материалдары мен көрнекіліктері балалардың жас ерекшеліктеріне сай келуі,және заттық – дамыту орталығының 5 дағды бойынша жабдықталуы тиіс. - Бақылау нәтижесіне тоқталар болсам: - 1) Заттық-дамыту орталықтары толық жабдықталған. 2) «Табиғат бұрышы» мен «Ұлттық бұрыш» толықтырылған. - 3) «Денсаулық » дағдыларында құрсаулар мен кегли,секіртпелер,күм салынған қапшықтар әр балаға жетпеді, - 4) «Қатынас» дағдылары бойынша кемшіліктер жоқ.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша директоры Б.Сеилова сөз сөйледі құрметті әріптестер, өздеріңіз білесіздер, балабақшаға балалардың көптеп келуі тікелей ата-аналарға байланысты. Сол себепті олармен қарым-қатынасты нығайта түсуіміз керек. Осы жылдың қазан айында өткізілсін. Ата-аналар жиналысында қаралатын күн тәртібіндегі мәселелерді алдын ала тиянақталынып, нақтылансын.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша директоры Б.Сеилова сөз алды. Ең алдымен өзіміз сақтық шаралардың алдын алу сақтаймыз. Бұл балалар үшін өте маңызды. Себебі, балалар ең алдымен көргенін түйсігіне тез қабылдайды. Сондай-ақ, балаларға үнемі ескертіп отыруға тиісті кеңестер: — қол алысып, сүйісіп, құшақтасып амандаспауды ескертіп, қашықтықтан ишара арқылы амандасуды үйрету — қолын сабындап жиі жууын қадағалаңыз — қоғамдық орындарға апармауға тырысыңыз — апара қалған жағдайда міндетті түрде медициналық бетперде тағып жүруін бақылаңыз — сыртта жүргенде міндетті түрде антисептик жаныңызда болсын, онымен балалардың қолын жиі сүртіп тұрыңыз — балалардың қолын көздеріне, мұрынына, бетіне, аузына тигізбеуін ескерте жүріңіз — балалардың дұрыс, пайдалы аспен тамақтанғанын басты назарда ұстаңыз — бала иммунитеті ең бірінші орында тұрсын — үй ішін таза ұстап, жиі желдетіп, ылғалдандырып тұрыңыз — мүмкіндігінше балаларды қашықтықты сақтауға дағдыландырыңыз — таза ауаға шығып тұруды, сондай-ақ салауатты өмір салтын ұстануды назардан тыс қалдырмаңыз. — отбасы мүшелерінің кез-келгенінің денсаулығы сыр бере бастаса бірден дәрігерге хабарласыңыздар. Сақтану шараларынан хабардар еттік бірден дәрігерге хабарласуға кеңес береміз.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж. Нурдилдаева қашықтықтан оқыту қазіргі кезде білім беру жүйесіндегі бірқатар жаңалықтарда талқыланатын өзекті тақырыптардың бірі болып табылады.

Оқшаулау шарттары өзгерді балалар мен ересектердің өмірі. Мектепке дейінгі жастағы барлық балалар: мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына баратын да, бармайтын да, тәрбиешімен тікелей қарым-қатынас жасау мүмкіндігінсіз мектепке дейінгі білім берудің негізгі білім беру бағдарламаларының мазмұнын игеру қажеттілігі жағдайында болды. Тиісінше, бұл жағдайда ата-аналардың алдында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының ата-аналарға білім беру, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және консультациялық көмек көрсету режиміне көшуі туралы мәселе туындады. қашықтықтан оқытуды енгізе отырып, балалардың мектепке дейінгі білім беру мазмұнын игеруі және дамытуы технологиялар.

Байланысты осыған байланысты педагогикалық процестің барлық мүшелерінің өзара әрекеттесуінің жаңа форматына көшу қажеттілігі туындайды. Тиісті шарттарға сәйкес тәрбиешінің іс-әрекеті тәрбиеленушілермен және ата-аналармен жұмыстың негізгі формаларын қашықтықтан режимге ауыстыра отырып, қайта форматталады.

Әдістемелік мәліметтер ұсыныстар заман ағымына ілесуге, отбасылармен қарым-қатынас орнатуға, мектеп жасына дейінгі балаларды қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып оқыту үшін барлық қажетті білім мен дағдыларды игеруге дайын тәрбиеші көмектеседі .

Жиалыс қаулы етеді

1. Топтарды жабдықтау жұмыстары толықтырылсын. Спорттық құралдар жас ерекшеліктеріне сай толықтырылсын

Директор



Б. Сеилова

Хатшы



К.Кулбекова

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Шардара
ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Айлин» бөбекжай
балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Директорлық кеңес

Хаттамасы №2

06.12.2021

Қатысқандар педагогтар

Күн тәртібінде

- 1.Тәуелсіздік күні «Елін сүйген-Елбасы» іс-шара
- 2.Жаңа жыл мерекелеріне дайындық
- 3.Баланы даму деңгейін, пішін және түс туралы түсінігін анықтап заттардың қасиеттері туралы түсінігін дамыту.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Г.Исахова балаларға Президентіміз Н.Ә.Назарбаев туралы мәлімет беру, сан қырлы талант иесі, құдіретті тұлға екенін таныту. Елімізге еңсе тіктетіп, мемлекетімізді мығымдап берген, халқымызды әлемге танытып, алаш баласының абыройын асқақтату. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы толық мәлімет беру, білім алушыларға өз Отанын, туған жерін сүйуге, қорғауға, сақтауға құрметтеуге тәрбиелеу Тұңғыш Президент күні баршаңызға құтты болсын «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» мерекелік іс – шарамыз жабық деп жариялаймыз. Айналасына нұрын төккен, жылу шашқан Нұрсұлтан Назарбаевтай тұлғалардың қоғамдағы алар орны ерекше. Елбасының бергенінен әлі де берері мол екеніне кәміл сенеміз. Елбасыға тілерім көк туымызды биіктерде желбірету жолындағы еңбегіңіз жана берсін!

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеші Г. Шамшиева ертеңгілік барысында балаларды персонаждарға бөліп, өздері кейіпкерлендіруді ұсыну. Әндер, билер арқылы балаларды өнерге талпындыру. Өлендерді мәнермен айтып, ертеңгілікте достық сезімдерін ояту ән, тапқақ арқылы сөздік қорын дамыту.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Мұсабекова балаларды пішіндермен таныстыру, түсінік бере отырып оларды бір-бірінен ажыратуды үйрету, салыстыру түстердің атауларын үйрету, есте сақтау қабілеттерін, зейіндерін арттыру.

Жиғналыс қаулы етеді

1. Мерекелік іс-шаралар жиі ұйымдастырылсын.

Директоры



Б.Сеилова

Хатшы



К.Кулбекова

Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының білім бөлімінің «Айлин» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Директор жанындағы кеңестің

Хаттамасы №3

2022 жыл

Қатысқандар-бөбекжай-
балабақша педагогтары

Күн тәртібінде

- 1.Өткен кеңеснің шешімдерінің орындалуы.
- 2.Тәуелсіздік күні,Жаңа жыл мерекелерінің қорытындысы туралы
- 3.Жарты жылдық есеп.Қорытынды тексеру.
- 4.Түрлі мәселелер.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бала бақша директоры Б Сейлова өткен кеңестің қорытындысы бойынша жұмыстар нәтижесін сурады.Бала бақша әдіскері Ж.Нурдилдаева берілген тапсырмалардың барлығын орындалғандығын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж Нурдилдаева тәуелсіздік мерекесіне орай өткізілген іс шаралар жақсы деңгейде өткізілді. Алдағы уақытта берілген тапсырмаларды,іс шараларды бірге ұйымдастырып,бұдан да жоғарғы дәрежеде өтуіне атсалысайық деді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Г.Исахова бірінші жарты жылдық жұмыстарының қорытындысымен таныстырып өтті. Жасалған жұмыстардың нәтижесінде ,балалардың танымдық деңгейлерінің артқандылығы туралы Балалардың жалпы даму көрсеткіші қыркүйек айымен салыстырғанда бірінші тоқсан нәтижесінің көрсеткіші өзгерген.Түстерді түгел ажыратады, салыстыра алады. Жыл мезгілдері туралы айта алады. Қоршаған орта туралы берілген ақпаратты қабылдап, тәрбиешінің қимылын орындай алады. Геометриялық пішіндерді атай алады. Өлең жолдарын тәрбиешімен бірге мәнерлеп жаттай алады. Көмекті қажет ететін балаларға жекелей келу тәрбиеші тарапынан көрсетіледі.Балалардың сөздік қорлары жақсы. Өз жастарына сай. Өз ойларын жеткізе алады. Сұрақтарға талап бойынша жауап

бере алады. Білім беру стандартына сәйкес балалар оқытылып, екінші және қорытынды тоқсан нәтижелерін оң нәтижеге жеткізуге жылдық міндет бойынша іске асырылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқутудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтандыру тұтастығы принциптерін ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Ж. Тулегенова баланы мектепке дайындауда дамыта оқыту идеясын ұстану тәрбиешіден білімділікті, талап етеді. Әрине, ол тәрбиешінің шеберлігіне байланысты.

Мектепке дейінгі жастағы баланы оқыту бағдарламасын жүзеге асыра отырып, оқыту субъектісі ретінде баланы санаймыз; оқыту мақсаты – баланы шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу; Мектепке дейінгі ұйымның сапасы қызметінің қажетті шарты - әр педагогтың өз білімін көтеруге ұмтылуы.

Жиналыс қаулы етеді

1. Іс шаралар көбейтілсін

Директор



Б. Сеилова

Хатшы



К. Кулбекова

**Түркістан облысының адами әлеуметті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуметті дамыту бөлімінің
«Айлин»бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны**

Директор жанындағы кеңестің

Хаттамасы №4

01.03.2022 ж

Қатысқандар –педагогтар

Күн тәртібінде

- 1.Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
- 2.Ана-өмірдің гүлі,Наурыз мерекелерінің сценарийлерін оқу,танысу,бекіту.
- 3.Балалардың танымдық іс-әрекетін жандандыру.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж.Нурдилдаева сөз алады.Өткен кеңесінің шешімдері бойынша «Елін сүйген-Елбасы» тақырыбы бойынша іс-шаралар өткізілді.Балалар іс-шараны толықтай алып шықты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж.Нурдилдаева сөз алды «Ана өмірінің гүлі» атты тақырыбы бойынша өткізілетін іс шараның өткізілуін талап етеді. Тәрбиеші Ш.Тулегенова сөз алды. Іс шараның мақсаты балалардың зейіндерін артырып ,қызығушылығын ояту.Ана – адамзат баласының дүниеге келуіне себепкер болатын аяулы жан. Аяулы анашым деген баларымыз аналарына іс- шара арқылы өз аналарына жыр арнап өлең шумақтарын арнады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері Ж.Нурдилдаева сөз алды «Мектепке дейінгі балалардың танымдық әрекетін белсенділік орталық жұмысы арқылы дамыту» . Мектепке дейінгі тәрбие - ол бүгінгі заман талабына сай, жан-жақты жетілген бойында адамгершілік қасиеті дарыған азаматты тәрбиелеп өсіру. Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты жан-жақты жетілген, бойында адамгершілік сезім қалыптасқан, тәрбиелі азамат өсіру – балабақшаның қасиетті борышы екені баршамызға мәлім.

Жас ұрпақтың бойында ұлттық сананы тәрбиелеуді ұлттық психологияны қалыптастыруды мемлекеттік талап деңгейінде жүргізу ісінде тәрбие негізі саналатын – балабақшаның маңызы зор. Сондықтан тәрбие

үрдісінде баланың танымдық белсенділігін арттыруға, қоршаған өмірге қызығушылығын, дүниетанымын, қалыптастыруға, құрбылардың бір-бірімен және үлкендермен қарым-қатынас қалыптастырып, дамытуға көп көңіл бөлінуі тиіс. Осы мақсатта «Қарлығаш» бағдарламасының мазмұнына Америкадағы Джорджтаун университетінің ғылымдары құрған «Step by step»-«Тәй-тәй» бағдарламасының мазмұнын ұштастырып, топтарда белсенділік орталықтары ұйымдастырылды.

«Тәй-тәй» бағдарламасының мазмұны бойынша орталықтарда бала бірлесіп жұмыс істеуге, ұйымшылдыққа және бір-бірінен үйренуге көмектеседі, жас және жеке ерекшелігіне сай дамуына мүмкіндік алады. Өз білімдерін іс-жүзінде пайдалануға, өз ойларын еркін айтып, қортынды жасауға үйренеді. Шешім қабылдап, әртүрлі жолдармен, тәсілдермен оқып үйренуге жағдай жасайды.

Жиналыс қаулы етеді.

1. Мерекелік іс-шаралар жиі ұйымдастырылсын.

Жиналыс төрайымы  Б.Сеилова

Хатшы  К.Кулбекова